

**«Педагогикалық идеялар панорамасы»
қалалық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) ережесі 2021-2022 жж. Конкурсты өткізу мақсатын, міндеттерін, шарттарын және қатысу, қорытындысын шығару тәртібін анықтайды.

1.2. Қалалық Конкурстың ұйымдастырушысы – Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы.

1.3. Комиссия мүшелері болып табылады:

- Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы;
- «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы;
- «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтының қызметкерлері.
- ЖМ "Педагогикалық шеберлік орталығы"

1.4. Конкурсты өткізу мерзімділігі – оқу жылына бір рет.

1.5. Ереже шарттарын қабылдай отырып, Конкурсқа қатысушылар өз материалдарының Youtube Бейне-хостингінде, Facebook әлеуметтік желісінде, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК сайтында (бұдан әрі – БЖО) жариялануына келісім білдіреді.

1.4. Конкурсты ақпараттық қолдауды «Білімді ел - Образованная страна» республикалық қоғамдық-саяси газеті қамтамасыз етеді.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, озық инновациялық педагогикалық тәжірибені таратуға ықпал ету.

2.2. Міндеттері:

- педагогикалық бастамаларды қолдау, оң білім беру тәжірибелерін анықтау және тарату;
- инновациялық қызмет идеялары мен тәжірибесін жинақтау бойынша педагогикалық қоғамдастықтың қызметін кіріктіру;
- кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту;
- өз жұмыс тәжірибесін жинақтау арқылы педагогтердің рефлексивті іскерлігін дамыту;
- қоғам назарын нәтижелі педагогикалық тәжірибеге аудару.

3. Конкурстың басым бағыттары

Бастауыш білім беру.

«Дамытушы білім беру ортасы бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде»

Орта білім.

«Білім беру үдерісін технологияландыру мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде».

Инклюзивті білім беру.

«Әр алуан, бірақ тең».

3.3. Конкурстың басым бағыттарына сәйкес қатысушылардың жұмыстары мынадай номинацияларда ұсынылуы мүмкін:

- инновациялық жоба;
- авторлық әзірленім (әдістемелік ұсыныстар, оқу немесе әдістемелік құралдар, оқу бағдарламалары және т.б.); білім беру ұйымын дамыту бағдарламасы.
- білім беру ұйымының даму бағдарламасы.

4. Конкурсты өткізу технологиясы

4.1. Конкурсты өткізу кезеңдері:

- өтінімдерді қабылдау-2021 жылғы 23 желтоқсан мен 2021 жылғы 30 желтоқсан аралығында <http://bit.do/zpanorama> сілтемесі бойынша;
- Конкурсқа қатысуға жұмыстарды қабылдау – 2021 жылғы 31 желтоқсан мен 2022 жылғы 21 қаңтар аралығында <http://bit.do/kmpanorama> сілтемесі бойынша (*жұмыс тек бұрын өтінім жіберген конкурсанттардан ғана қабылданады)
- іріктеу кезеңі - 2022 жылғы 24 қаңтар мен 2022 жылғы 20 ақпан аралығы;
- финалдық тур - 2022 жылғы 18 наурыз.

4.2. Ұйымдастыру комитеті ішкі конкурсты өткізу мерзімі мен орнын айқындайды, Конкурсты даярлау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, Сараптамалық кеңестің жұмысын қамтамасыз етеді.

5. Конкурсқа қатысу тәртібі

5.1. Конкурсқа қатысу үшін бастауыш, орта білім беру және интернаттық ұйымдардың педагогтері шақырылады.

5.2. Конкурсқа қатысушылар жеке, тең авторлықта (тең авторлар екеуден артық емес) орындалған жұмыстарын ұсына алады.

5.3. Конкурстың бірінші кезеңін өткізу форматы сырттай. Өтінімдер (1-қосымша) және Конкурс материалдары БЖО Ұйымдастыру комитетіне электрондық поштаға жіберіледі:

Сараптамалық кеңестің шешімі бойынша материалдар Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға жіберіледі.

5.4. Конкурстың екінші кезеңін өткізу форматы — ZOOM платформасы арқылы іштей (онлайн). Автордың сөзі презентациямен бірге жүруі керек.

5.5. Конкурстық материалдарды ұсынуға қойылатын талаптар: материалдар баспа түрінде көлемі 10 параққа дейін, қарпі — TimesNewRoman, көлемі — 14, интервалы — 1,5; жоғарғы жағы — 2, төменгі жағы — 2, сол жағы — 3, оң жағы — 1,5 болуы тиіс.

5.6. Плагиат анықталған жағдайда жұмыс Конкурстан шығарылады.

Түпнұсқалықтың талап етілетін пайызы кемінде 70%.

5.7. Конкурс материалдары және қатысушылардың фотосуреттері (формат*.jpg) файл атауы ретінде қатысушының тегі көрсетілген жеке файлдармен жіберіледі (мысалы, 14BaH0B.jpg, Иванов.{осх}).

5.8. Материалдарға авторлық құқықтар Конкурс қатысушыларының атында сақталады.

5.9. Конкурсты ұйымдастырушылар Сараптамалық кеңес мүшелерінің бағаларын, бағалау кестелерін және барлық Конкурсқа қатысушылардың толық рейтингін жария етпейді.

5.10. Жұмысты Конкурсқа жібере отырып, қатысушы: осы Ереженің барлық тармақтарымен; өзінің жеке деректерін өңдеуге; жұмысты жариялауға; Конкурстың барлық кезеңдері мен жаңалықтары туралы хабарлау үшін тарату қағазын алуға келісімін білдіреді.

6. Ұсынылатын материалдардың критерийлері.

6.1. Инновациялық жобаларды бағалау критерийлері.

1. Материал мазмұнының Конкурс бағыттары мен номинацияларға сәйкестігі.

2. Жұмыс тақырыбының Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі.

3. Жоба проблемасын белгілеу.

4. Жұмыс тақырыбының өзектілігін негіздеу.

5. Жобаның мақсаттарын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерін тұжырымдау.

6. Жобаны іске асыру кезеңдері мен тетігін (әдістер, әдістемелер, технологиялар) мазмұндау.

7. Практикалық іске асыру деңгейі.

8. Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі.

Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (іске асырылмаған - 0 балл, ішінара іске асырылған - 1 балл, толық іске асырылған - 2 балл).

Ең жоғары ұпай саны— 16.

6.2. Авторлық әзірленімді бағалау критерийлері.

1. Материал мазмұнының Конкурс бағыттары мен номинацияларға сәйкестігі.

2. Авторлық әзірленім тақырыбының Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі.

3. Авторлық әзірленімнің осы бағыттағы қолданыстағы оқу бағдарламаларынан, әдістемелік ұсынымдардан, оқу немесе әдістемелік құралдардан өзектілігі мен айырмашылығын негіздеу.
4. Авторлық әзірленімнің ғылыми принциптерге және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі.
5. Авторлық әзірленімнің мақсатын және оны іске асырудан күтілетін нәтижелерді дәлелдеу.
6. Оқушылардың кең ауқымды дағдыларын дамытуға авторлық әзірленімнің бағытталу дәрежесі.
7. Әзірленімнің барлық құрылымдық элементтерінің өзара байланысы.
8. Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі.

Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (0 балл - іске асырылмаған, 1 балл - ішінара іске асырылған, 2 балл - толық іске асырылған).

Ең жоғары ұпай саны — 16.

6.3. Білім беру ұйымының даму бағдарламасын бағалау критерийлері.

1. Материал мазмұнының Конкурс бағыттары мен номинацияларға сәйкестігі.
2. Бағдарламаның Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту басымдықтарына сәйкестігі
3. Бағдарламаны құрудың даму стратегиясының теориялық негіздемесі және өзектілігі.
4. Білім беру процесі сапасының ағымдағы жай-күйін (жағдай сапасы, ресурс сапасы, нәтижелер сапасы) көрсететін талдау бөлігінің болуы.
5. Қойылған мақсаттар мен міндеттердің шынайылығы, олардың ұйым қызметінің миссиясына сәйкестігі.
6. Қойылған міндеттерді іске асыруға, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қабылданатын шаралардың бағыттылығы.
7. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізудің нақты мерзімдері мен индикаторларының болуы.
8. Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі.

Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 баллға дейін беріледі (0 балл - іске асырылмаған, 1 балл - ішінара іске асырылған, 2 балл - толық іске асырылған).

Ең жоғары ұпай саны — 16.

Ескерту. Қатысушылардың өнер көрсетуінің максималды ұзақтығы — ZOOM платформасы арқылы талқылауды қоса алғанда 7-10 минут

6.4. Конкурс қорытындысы бойынша қатысушылардың жұмыстарын қамтитын материалдар жинағы жасалады. Конкурстың әр қатысушысы материалдар жинағын алады (PDF форматында).

7. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

7.1. Сараптамалық бағалар негізінде Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

7.2. Конкурс нәтижелері 2022 жылғы 21 ақпанға дейін жарияланады

7.3. Барлық қатысушылар Конкурсқа қатысқанын растайтын сертификаттар алады.

7.3. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Қосымша 1

«Педагогикалық идеялар панорамасы» қалалық конкурсына қатысуға

ӨТІНІМ

Ұйым туралы мәлімет _____

(мекеменің толық атауы)

Почта мекенжайы: _____

Байланыс телефоны: _____

E-mail: _____

Автордың Т.А.Ә. (толық): _____

Конкурстық материал бағыты (бастауыш, орта, инклюзивті білім беру)

Конкурстық материал номинациясы (жоба, авторлық әзірленім, білім беру ұйымын дамыту бағдарламасы) _____

Конкурстық материал тақырыбы _____

Жұмыстың қысқаша аннотациясы

ББҰ басшысы:

Қолы Т.А.Ә.

2021 ж.